

БОЙДАҒЫ ҚАБІЛЕТ жайлы бірер ой

Күнделікті ауыз екі сөзде «Қабілет» деген атауды жиі қолданамыз. Мәселен, мұғалім шәкіртіне мінездеме бере отырып, осы баланың математика пәніне, қабілеті күшті екенін айтады. Мектепте оқушыларға түрлі қоғамдық жұмыстар жүктеледі олардың кейбіреулерінің ұйымдастырушылық, екіншісінің музыкалық, үшіншісінің суретшілік қабілеті еске алынып, бұған ерекше мән беріліп отырылады. Бұл мысалдар әр адамның әрекеттің бір түріне жарамдылығын көрсететін дара ерекшелігі болатын байқатады. Мұндай ерекшеліктер іс-әрекетті орындау үстінде, әсіресе оның нәтижесінен жақсы көрініп отырады. Мәселен, біреу қолына алған ісін бұрқыратып тез бітіріп тастайды және оны өте нәтижелі етіп шығарады. Ал екінші біреу өте баяу қимылдап, әрі істі сапасыз етіп орындайды. Бұл мысалда да бірінші адамның іске қабілеттілігі екіншіге қарағанда әлдеқайда жоғары екендігі көрініп тұр.

Адам дүние есігін ашқан сәттен бастап, түрлі кезеңдерден өтеді. Әрине, бірінші балалық кез, тәтті шақ. Одан кейін жастық шақ. Ол кезде өмірдің қайнаған кезеңі болар. Себебі, бойыңда күш-жігер бар. Міне, біздің Қазақ Ұлттық университетінің студенттері де осы жастық шақтың қызығында қазір. Бірақ біз оларға ол қызыққа ерімей, білім алып, еңбек ету керектігін үйретудеміз. Себебі, жастық шақ көзді ашып жұмғанша өтеді де шығады. Сол үшін, бұл уақытта өзіңе керектігің барлығын үйреніп алған жөн. Өзің қай жақты қалайсың, кейінгі өмірің сол жаққа қарай бұрылары сөзсіз. Егер сен қызық қуып қыдырып жүрсең, кейін сол қыдырғаныңның жемісін жейсің, егер еңбек етіп, білім алып, өз ісіңмен айналысаң ертеңгі күні сол еңбектің нанын жейсің. Сол үшін осы сәттен бастап ойланп, бір шешімге келген жөн. Міне, осыны біз шәкірттеріміздің миына құйып келеміз. Олардың жақсы болғаны бізге мақтаншы, бізге қуаныш емеспе?! Сол үшін әрбір жасты осылай тәрбиелеуге тырысамыз. «Болар елдің баласы, бірін-бірі батыр дер», демекші, сөз соңында, айтарымыз, өскелең ұрпақтың бойынан бір қабілетін көре білсек, оны биік бағалап, қолдау көрсете білейік.

Қоңыратбай М.Е., Абишев М.Е.

БІЛІМ. ІЗДЕНІС. ДАМУ

«Білім» дегеніміз адамзат тіршілігінің барысында жинақталған әлеуметтік тәжірибе: күнделікті тіршілікте, ғылымда, саясатта, ара қатынаста, өндірісте, қоршаған табиғи және қоғамдық қатынаста тануда т.б. Сол адамзат тіршілігін сақтап және оны алға қарай қорғап, дамытып отырудың қажетті заңдылығы – тәжірибенің ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп, беріліп отыратындығы.

Осы орайда, сіздерді жақсы жаңалықпен қуантқымыз келеді. Құрметті оқырмандар! Сіздерді жаңа жаңалықпен бөліскім келеді. Ол жаңалық, тағы бір жаңа толқынның дүниесі десем артық айтқаным болмас. Осыдан біраз уақыт бұрын, Қазақ Ұлттық университетінің 3-курс докторанты MUSOCentRE шығармашылық орталығы өз жұмысын бастады. Қазіргі таңда өз жұмысын енді бастаған бұл орталық өзінің мынадай ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Олар: кез-келген тақырыпта өлең жазу, түрлі қойылымдарға сценарий жазу, барлық тақырыпты қамтыған мақалалар, арнау, таныстыру сынды бөлімдерден тұрады. Бұл орталықтың ашылуына бойдағы қабілет, осыған дейінгі жиналған тәжірибе түрткі болса керек. Егерде осы орталықтың жұмысын тамашалағыңыз келсе, интернет желісіне, инстаграм желісіне «musocentre» деп жазсаңыз болғаны. Егер мақала жазуда қиналсаңыз, аударма ісі ауырлық қылса, мерекелік іс-шарада арнау оқығыңыз келсе, осында жазылсаңыз болады. Енді осы орталықтың төрағасы Мұсат Иманқұлдың мына бір өлең жолдарын сіздерге дәлел ретінде ұсынамыз:

Жүрегімде орын алды көп сұрақ,
Мән бермеппін, мән бермеппін мен бірақ.
Мақсат қайсы, арман қайсы ұқпадым
Кеткенімде ойланбаппын мен жырақ.

Абдрахман Л.Қ., Жалмұқаш Ұ.Ж.

БОЙДАҒЫ ДАРЫН, ТАЛАНТТЫҢ ЖӨНІ БӨЛЕК

Бұл тақырып кәсіпке байланысты болмақ. Неге десеңіз, қазіргі таңда кәсіп бастағысы келетін жастар қаншама?! Соған қатысты, «Бизнес Бастау» кәсіпкерлік мектебі жайлы жаза кетсек. Бұл кәсіпкерлер мектебінің басты мақсаты – жұмыссыз жандарға өз ісін ашуға көмектесу, шағын және орта бизнесті дамыту. Оқыту бағдарламасы – сала таңдау, жарнама мәтінін құрастыру, баннер, сайт жасау, сайт техникасы, таргетинг, сату өнері, бейнеролик кезеңдерінен тұрады. 60 күнге созылатын «Аламан» курсы бірнеше адамдардың кәсіпке деген шабытын ашты десек, артық айтқанымыз болмас.

Көшедегі жарнамалар, болмаса интернетке кіріп қарасаң, небір курстар көз алдыға шыға кетеді. Өзің нені таңдарыңды білмей қаласың. Оған қатысты айтылатын басты кеңес, нәтижесі дер едім. Осы курстардың ішінде «Бизнес Бастау» кәсіпкерлік мектебіне қара шаңырағымыз Қазақ Университетінен бірнеше шәкірттеріміз қатысуда. Солардың ішінде филология факультетінен Думан, механика-математика факультетінен Несібелі және өзіміздің физика-техникалық факультетінен Иманқұл Мұсат есімді студенттеріміз

қатысып жатыр. Енді солардың нәтижесіне көз жүгіртпес бұрын, алдымен бұл курс жайлы айта кетсек.

«Бизнес Бастау» кәсіпкерлік мектебі, бүгінде өзіне он үшінші тобын қабылдады. Басшысы Ахметбек Нұрсұла есімді кісі. Әрине, бұл курсқа қатысып бай болып кетемін деген дүние емес. Адамға бір пайыз дарын берілсе, тоқсан тоғызы еңбекпен келетіні біздің бәрімізге белгілі. Сол үшін, ондай нәтижеге қол жеткізу өзіңізге байланысты. Енді бұл кәсіпкерлік мектебі нені үйретеді? – деген сұраққа келсек. Егер сіз бұл мектептің студенті болсаңыз, сізді бұл кісілер еңбекке деген құлшынысты, ерік-жігеріңізді дамытуды және өз бизнесіңізді бастауды үйретеді. Сондағы жолдардың бәрін көрсетуге тырысады. Оны одан әрі қазып, зерттеу өзіңіздің еншіңізде. Осы мектептің түлегіне айналған біздің студенттер бүгінде өз бизнестерін қосымша алып жүрде. Соның ішінде біздің шәкіртіміз Мұсат, бұл таңда өзінің жеке кәсібін хобби ретінде алып жүр. Сол үшін білім алу дегенді тек, 4 жылдық оқумен шектемейік. Үнемі ізденісте болып, дамиық.

Мырзабек Е.Т., Кусаинов А.С.

О, ТУҒАН ЖЕР, ҚАДІРІҢДІ КІМ БІЛГЕН?!

Туған жер – күнделікті өмірде бізді қоршаған адамдар. Бір аймақта туылған, үнемі бір-біріне жақсы түсінетіндіктен, олар ортақ тіл табуға және достауға оңай. Өйткені, олар бір нәрсе ортақ – олар туған ел, және бұл қазірдің өзінде көп! Басқа елде өмір сүретін адамдар жерлерінен кез келген адаммен, кейін туған елінен, туған қаласынан, туған жерлерінен толықтай белгісіз адаммен кездестіруге шын жүректен қуанады. Бірақ әрқайсысымыз өз бұрышы бар – өз кішкентай Отанымыз.

Бұл қала, ауыл немесе аула, бұл көшеге және біз туған үйімізге, алғашқы қадамдарымызды бастағанымызда бірінші сөзді бірінші қуанышпен алғашқы қылмыстарды тапты. Мүмкін, егде жаста болсақ, ұлы туған жер, біздің елімізді жақсы көретіндігімізді түсінеміз. Жүрегіміз терең болса да, әрине, біздің елге шынайы сүйіспеншілік бар. Бірақ менің ойымша, біз қазір біздің отбасымыз – ата-анамыз, әжелеріміз

бен ата-аналарымыздың үйі әлдеқайда жақын, аса құнды әрі айқын.

Қазақ еліне, жеріне деген патриоттық сезімін қоя тұрғанда, тіпті, өз тілінде сөйлей алмайтын дәрежеге жетті. Бұның бәрі заман талабы дейміз бе? Жоқ, бұның бәрі сананың осы жаққа бұрылуында. Қазақ тілінде білмеу ұят емес, қазақ жерінде тұрып, орыс тілінде білмеу ұят, мінекей, осындай жағдайға келдік. Әрине, бұның бәрі қарынды аштыртады. Бірақ, амал не, көш жүре түзеледі демекші, ең алдымен, қандастарымыздың барлығына, елін, жерін, Отанын сүюді үйрете білсек, олардан нағыз патриот шығары анық. Бұған біздің қосар үлесіміз, өзіміздің қара шаңырақ Қазақ Ұлттық университетіміздің студенттерін осы жолда, патриоттық сезімге тәрбиелеу, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Жұмашева Н.С., Жалмұқаш Ұ.Ж.

ЕЛДЕГІ БАСТАМАЛАР ЖАЙЫНДА

Атом жобасына қатысты қысқаша анықтама беріп өтейік. Атом жобасы-Ядролық қару сынақтары қайталанбас үшін әлемдік қоғамдастықтардың бірігуі мен келісімге қол қойған ядролық державалардың басшыларына, әлеуетті ядролық ірі мемлекеттерге петицияны ұсынуға бағытталған ғаламдық қозғалыс.

Қазіргі елімізде болып жатқан ірі өзгерістер көп, соның ішінде атом жобасы елеулі орын алуда. Атом жобасы жайында біз не білеміз? Жобаның басты мақсаты қайсы? Міне, осы сұрақтарға мен қысқаша жауап беріп өтсем. Атом жобасының тұсаукесері 2013 жылдың 4 наурызында болып өткен еді.

Тұсаукесерде сөз алған «Назарбаев орталығы» директорының орынбасары Роман Василенко жиналған қауымды Қазақстан Республикасының және халықаралық қоғамдастықтың бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарларын жою жөніндегі іс-шаралары туралы хабардар етті, сондай-ақ бұл саладағы жұмысты жалғастырудың маңыздылығын атап көрсеткен болатын. Бізде, яғни, Қазақ Ұлттық Университетінің студенттері мен ұстаздары бүгінгі күні атом жобасының қыр-сырын барынша ашуға тырысайық.

«Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев үшін бірінші кезектегі басымдылық жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оның ішінде жаппай қырып-жоятын және ядролық қару-жарақтарды таратпау мәселесі болған еді.

Енді жобаның көздеген мақсатына келетін болсақ, жобаның мақсаты ядролық қарусыздану саясатын ұстану болып табылады. Жобаның орындалу барысын ойланар болсақ, мынадай жетістіктерге біз қол жеткіздік:

Ең алдымен, ластанған ауа қауіпі жойылуда, одан кейін бізде қаншама қандастарымыз зардап шегіп жүрген қалалар өз орнына келіп қайта жандануда. Денсаулыққа тиер зиян қауіпі азаюды.

Біз теледидар хабарларынан, интернет желісінен ядролық қарулар орналасқан аймақтардағы қаншама адамдарды көреміз. Оларға қарап, қаншалықты ауаның зияндығын сезінеміз. Сезінеміз, бірақ олардың жағдайын бәрібір олардай түсіне алмаймыз.

Серикболова А.А.